ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 ақпан №2301-25-00-2/180 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
алдын-ала ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Құрманғазы ауданы Құрманғазы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Маргулан» Бибінұр Романқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.С.Нурмуханов
Жауапкер өкілі Б.Романқызы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 22қарашадамемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №81 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес,жауапкер «Құрманғазы ауылы Құрманғазы ауылындағы шағын футбол алағын абаттандыру жұмысын» жасауғаміндеттенген.

Шарттың сомасы – 2 425 789 теңге, орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күнненбастап 30 күн ішінде, 2024 жылғы 22 желтоқсанға дейін.

Алайда, жауапкер міндеттеменімүлдеморындамаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындап, міндеттемені орындай алмағанын айтты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыста болған) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 22 қарашадамемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №81келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – 2024 жылғы 22желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндірді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 20.02.2025

301-25-3-1/130

«Атырау облысы Құрманғазы ауданы Құрманғазы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Маргулан» Бибінұр Романқызын мемлекттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танутуралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Маргулан» Бибінұр Романқызымемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Маргулан» Бибінұр Романқызынанмемлекет кірісіне1 966(бір мың тоғызжүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2025 жылдың «26» наурызында заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 20.02.2025

Сот өндірісі
Судопроизводство